



Т. Жүргенов атындағы “№70 мектеп-лицей” Даму бағдарламасының іске асырылу қорытындысы жөніндегі көпшілікке арналған есебі

Астана қаласы, Майқайын 1
Директор: Г.П. Байменова

Мектеп миссиясы

Әрбір оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасап, білім мен тәрбие, шығармашылық пен инновация арқылы болашаққа сенімді қадам басуына негіз қалдыру. Біз әртүрлілік пен бірлікті қолдай отырып, жастарды саналы, жауапты азамат ретінде қалыптастыруға және қоғамға пайдалы, заманауи құндылықтарды меңгерген тұлғалар жасауға ұмтыламыз.



Мектеп директорының үндеуі

Құрметті ата-аналар, әріптестер!

Жыл сайын біз барлығымыз бірге мектебімізді жақсартып келеміз – білім беру сапалы бола түсуде, ал оқушыларымыз – табысты. Біз үшін аса маңыздысы – сіздердің барлық білім беру үдерістерінен хабардар болып, жетістіктерімізге бірге қуанып, мәселелер жайлы ой бөлісіп, шешу жолдарын ұсынуларыңыз.

Осы құжатта сіздер мектебіміз туралы объективті ақпарат алып, пайдалы мәліметтермен таныса аласыздар. Сонымен қатар, бұл ақпарат баласын біздің мектепте оқытып жүрген немесе болашақта осы мектепті таңдауды көздеген ата-аналар үшін де қызықты болады.

Біз ұсынып жатқан ашық есеп келесі ақпараттарды қамтиды:

- Білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері;
- Мектеп инфрақұрылымы;
- Нәтижелер мен жетістіктер;

Құрметпен,

Мектеп директоры Байменова Гулжамал Пердебаевна



Ақпараттық анықтама

Толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің Т. Жүргенов атындағы “№70 мектеп–лицей” ШЖҚ МКК
Мекен-жайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Майқайың көшесі, 1
Телефон	+7(7172) 50-15-31
Сайт адресі, e-mail	sl70.edu.kz, mektep@sl70.edu.kzLAA
Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия	Білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия нөмірі KZ68LAA00035285, 26.05.2023ж.
Аттестаттау туралы куәлік	Мемлекеттік комиссияның 2024 жылғы “13” желтоқсандағы хаттамалық шешіміне сәйкес мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне байланысты аттестатталды.
Мектептің ашылу жылы	2012 жыл
Мектеп директоры	Байменова Гулжамал Пердебаевна
Директор орынбасарлары	ДОІЖО: Ниязғалиева Фатима Алибековна ДОІЖО: Тусупова Ардак Тлеужановна ДОІЖО: Балтабаева Ляззат Алмасовна ДОІЖО: Қисап Айдана Серікқызы ДБОЖО: Парманова Сандуғаш Қуанышбековна ДТЖО: Омарова Мира Сеилхановна ДТЖО: Мукатова Гулайым Асылбековна
Сүйемелдеу қызметінің мамандары	Сунчалиев Асхат Маратулы: үйлестіруші Ахмульдинов Бактияр Токтасынулы: педагог-ұйымдастырушы Мустафина Жанар Камаловна: мектеп психологі Киняйтов Ержан Камбарович: әлеуметтік педагог

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫ, ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Мектепте білім беруді ұйымдастыру үшін заманауи, қауіпсіз және денсаулықты сақтауға бағытталған жағдайлар жасалған:

Мектеп ғимараты — төрт қабатты, 2012 жылы салынған. Орталықтандырылған жылу жүйесіне, сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған, бейнебақылау, өрт дабылы және АДС қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған.

- Біртұтас ақпараттық желі құрылды, интернетке шығу мүмкіндігі бар
- Информатика кабинетіне дербес компьютерлер орнатылып, интернетке қосылған
- Басқару және бақылау жүйесі енгізілді, мектеп ғимаратына бейнебақылау арқылы кіру жүзеге асады
- Барлық кабинеттер мен мектеп аумағы бейнебақылау жүйесімен жабдықталған
- Әр оқу кабинетінде ауызсу режимі қамтамасыз етілген


Ата-аналар мен заңды өкілдердің көмегімен:

Барлық оқу кабинеттері санитарлық-гигиеналық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай эстетикалық безендірілген


Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жиһаздарымен жабдықталған
Оқу-материалдық база үнемі жаңартылып отырады

Кадрлық қамтамасыз етуді талдау


Педагогтардың білімі



Педагогтердің біліктілік санаты бойынша



Тиісті бейін бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі – 19,5%



Кадрлық әлеует

Жас мамандардың үлесі – 21,5 %, еңбек өтілі 1 жылдан 3 жылға дейін 33 жас маман жұмыс жасайды.



Мектеп жас мұғалімнің кәсіби даму деңгейін арттыруға және оның жеке функцияларын жүзеге асыруға жағдай жасайды, әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

2022–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтар халықаралық, республика, облыс, қала көлемінде конкурстар мен жарыстардың қатысушылары дайындап жүлделі орындарды иеленді.



Мектептің жұмыс істеуінің экономикалық және әлеуметтік шарттары

Мектеп Астана қаласының Алматы ауданында орналасқан.

Мектеп ауданында абаттандырылған үйлер, жеке сектор орналасқан. Көптеген ұлт өкілдері тұрады, сондықтан мектеп оқушыларының этникалық төзімділігін қалыптастыру, оларды қоғамның жалпы мәдени және әлеуметтік құндылықтарымен таныстыру бойынша жұмыс өзекті болып табылады

МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТЫ


Толық емес отбасылар	201
Көпбалалы отбасылар	375
Аз қамтылған отбасылар	96
Ерекше білім алушылар	6
Мүгедек балалар және үйде оқытылатын балалар	10

Отбасылардың қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайлары көбінесе бала тәрбиесінің қолайсыз жағдайларына әкеледі.

Мектеп бірнеше көздерден қаржыландырылады: республикалық жергілікті бюджет, мектептің бюджеттен тыс қоры. Бюджеттен тыс қор ақылы білім беру қызметтерінің кірістерінен, коммуналдық меншікті жалға алудан, қайырымдылық көмектен және білім алушылардың ата-аналарының мақсатты жарналарынан құралады.

Оқушылар контингентінің сипаттамасы

Білім алушылар контингенті Астана қаласының бекітілген аумағында тұратын балалардан құралады. Оқушылар санының оң динамикасы мектеп оқушыларының ата-аналарының мектепке деген жоғары сенімі, олардың педагогикалық ұжымның кәсібилігіне деген сенімділігі туралы айтады



2022/2025 оқу жылы


80 сыныпқа 1780 оқушы

сыныпта

23 оқушы

Орташа көрсеткіш

2022/2025 оқу жылының білім
сапасының салыстырмалы
көрсеткіші



Білім сапасы


Сапаны бағалаудың ішкі жүйесі шеңберінде 2022/2025 оқу жылында білім беру сапасын зерттеуге бағытталған іс-шаралар өткізілді



Бастапқы диагностика,
кіріс бақылау




Оқушыларды аралық
аттестаттау




Ағымдағы үлгерімді
бақылау

Педагогтердің назары сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім беру кеңістігін үнемі жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ, мектепте білім сапасын арттыру үшін Lesson study, Action research сияқты жобалар белсенді түрде іске асады

Білім беру қызметін жүзеге асыру шарттары




- 5 күндік оқу жүйесі
- 1 ауысым басталуы 8:00
- 2 ауысым басталуы 14:00



- Тамақтануды ұйымдастырушы - ИП "Смольникова"
- Жеңілдік санаттындағы балаларды тегін тамақтандыру
- 2023 жылдың қыркүйегінен бастап бастауыш мектеп оқушыларының барлығы тегін ыстық тамақпен қамтылады



- медициналық қызмет көрсету ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады



- Бастауыш жалпы білім беру
- Негізгі орта білім беру
- Жалпы орта білім беру



- Мүгедек балаларды қашықтықтан оқыту
- Сырттай оқыту
- Үйден оқыту



СИНГАПУР БАҒДАРЛАМА 1-7 сыныптар

Бағдарлама 2023 жылдан бері жұмыс істейді. Бағдарлама балалардың мемлекеттік стандарт бойынша да, сингапурлық білім беру аясында да оқуға мүмкіндік береді. Материалдың бір бөлігі ағылшын тілінде оқытылады. Оқушылар халықаралық пәндік олимпиадаларға қатысуға және бағдарламалау мен робототехниканың бастауларын зерттеуге мүмкіндік алады. Сингапурлық оқу бағдарламасымен сабаққа түсу мүмкіндіктері туралы білуді ұсынамыз.



КАДЕТ СЫНЫПТАРЫ 7-11 сыныптар

Кадет сыныптары негізгі білім беруді ғана емес, сонымен қатар тұрақты негізде жүргізілетін атыс, саптық дайындық, азаматтық қорғаныс және қоян-қолтық ұрыс техникасы бойынша қосымша сабақтарды ұсынады.

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ – ақпараттық кітапхана орталығы

Жыл сайын оқушылардың 100% қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етіледі

2024–2025 оқу жылында оқушыларға қордан 9205 басылым мен 862 диск шығарылды.

Кітапхана қоры



2024–2025 жылы оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету

Облыстық бюджеттен бөлінген оқулықтардың жалпы саны	Мектептің бюджеттен тыс (ақылы академиялық сыныптарға) оқулықтар қоры
Оқу құралы – 38 988 дана Көркем әдебиеттер – 6407 дана	1118 дана

Оқу құзіреттілігін дамыту балаларды мектепте де, отбасында да тәрбиелеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Желілік байланыс

Біз әр баланың жетістігі үшін барлық мүмкін ресурстарды пайдаланамыз!



Microsoft teams



Kundelik.kz



Bilim land

